

**«Нұрай» жеке балабақшасы мектепке дейінгі ұйымы әдіскері қызметінің
2024 – 2025 оқу жылының қыркүйек айына арналған циклограммасы**

Іс-шаралардың атауы	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Қыркүйек				
Аптаның дәйексөздері	Білім – теңіз, түбі де, шегі де жоқ. Жүсіп Баласағұн	Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. Абай Құнанбайұлы	Еңбек шыққан жерден төзім де шығады. Мұхтар Әуезов	Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. Леонардо да Винчи
МДҰ қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024- 2025 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік хатымен танысу. https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/07/07/963.pdf	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны жүзеге асыру алгоритмі бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру және өткізу. ҚР ОАМ 2024 жылғы 30 шілдедегі №194-бұйрығы.	Түсіндіру әңгімелесулерін өткізу (қолданыстағы заңнамадағы өзгерістермен танысу, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану практикасын талқылау).	Жаңа әдістемелік нұсқауларды зерделеу бойынша оқыту семинарын өткізу, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерін жаңа жүйе бойынша аттестаттаудан өткізу. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317
Педагогтермен жұмыс	1.«Аптаның	Тәрбиешілерге	1. «Қауіпсіздік	Педагог

	дәйексөздері». Дәйексөздерді ақпараттық стендтер, Led-экрандар, теледидар арқылы көрсету, мнемокестелерге орналастыру (апта сайынғы іс-шара), материалдарды түсіндіру және дайындау. 2.Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары педагогтерінің жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесі https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317	балалардың дамуының бастапқы мониторингін дайындауға және жүргізуге әдістемелік көмек көрсету.	ережелері». Жол қозғалысы ережелерін, күнделікті тұрмыста және қоғамдық орындарда, табиғат аясындағы қауіпсіздік, ТЖ кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін зерделеу. 2.Педагогикалық қызметкерлердің өз білімін жетілдіру бағыттарын анықтау, өз білімін жетілдірудің жеке жоспарларын құру.	қызметкерлердің өз әріптестерінің ҰІӨ қатысуын ұйымдастыру.
Педагогикалық кадрларды аттестаттау	Әдіскердің аттестатталатын педагогтермен жұмыс жоспарын құруы; - аттестатталатын педагогтердің ҰІӨ қатысу кестесі; аттестатталатын педагогтердің өтініштері; - 5 жылда педагогтерді	1.Жаңа әдістемелік нұсқауларды зерделеу бойынша оқыту семинарын өткізу, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерін жаңа жүйе бойынша аттестаттаудан өткізу. (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317).	Педагогтің қызметі мен жетістіктері біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін комиссия құру. (Мерзімі: ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін).	Аттестатталатын педагогтерге арналған кеңес: «Өзінің педагогикалық қызметін талдау.»

	аттестаттау кестесін құрау; - аттестатталатын педагогтердің деректер банкі; - аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын жүргізу.			
Жас және жаңадан келген мамандармен жұмысты ұйымдастыру	Жас және жаңадан келген мұғалімдерге тәлімгерлерді анықтау.	Мектепке дейінгі ұйымдарда таңертеңгі гимнастиканы бақылау парағын құрастыру.	Мектепке дейінгі ұйымда серуенді бақылау парағын құрастыру.	Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағын құрастыру
Педагогикалық кеңес				
Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру	Педагогикалық жаппай оқыту: «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру»	Күнделікті негізде ұйымдастырылатын іс-шара: «Менің Қазақстаным» – мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының	Кәсіби қажеттіліктері мен жұмыста кездесетін қиындықтарын анықтау үшін тәрбиешілерден сауалнама алу және жеке әңгімелесу жүргізу.	Жақсартуды немесе жаңартуды қажет ететін салаларды анықтау үшін тәрбиешілер пайдаланатын ағымдағы білім беру бағдарламалары мен материалдарын бағалау.

		Гимннің орындауы.		
Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы (эксперименттер)	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын мектепке дейінгі білім беру деңгейінде іске асыру үшін материал әзірлеу.			
Бақылау және басшылық	1. МДҰ-ғы жазғы сауықтыру жұмысын талдау. 2. Таңғы гимнастика өткізудің сапасын салыстырмалы бақылауды ұйымдастыру. 3. Ағымдағы бақылау: тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды ұйымдастыру және орындау (дұрыс отыру, тамақтану мәдениеті).	1. «Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 бұйрығына сәйкес ҰБДҚ деректерін толтыру және өзгерту. 2. Күн тәртібін сақтау (балаларды қабылдау, серуендеу, таңғы гимнастика).	1. Режимдік сәттер барысында тәрбие-білім беру процесінің циклограммасын тексеру (топ тәрбиешілері, музыкалық жетекші, қазақ тілі мұғалімі, дене шынықт. ж.н.). 2. Ағымдағы бақылау: топтарды аралау, ұйымдастырушылық мәселелер.	1. Бастапқы мониторинг жүргізуді бақылау. 2. Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау; - топтардың жаңа оқу жылына дайындығын анықтау.
Семинарлар, жобалар және интербелсенді дәрістер	Жобалық қызметін енгізу бойынша оқытуды ұйымдастыру.	«Самокат мектебі» жобалық қызметін енгізу.	«Тәлімгерлікті ұйымдастыру» тәлімгерлерге арналған оқыту семинарын ұйымдастыру	
Педагогтерге кеңес беру	Педагогтерге арналған кеңес беру: МДҰ-ғы интербелсенді		Педагогикалық марафон: - педагогтердің бір-бірінің ҰІӨ	Баланың даму мониторингін жүргізу (педагогикалық іс-

	және цифрлық технологиялар: - интербелсенді тақталар мен планшеттерді пайдалану; - балаларға арналған білім беру бағдарламалары мен қосымшалары; - интернеттегі қауіпсіздік және цифрлық сауаттылық.		қатысуларын ұйымдастыру және т.б.	әрекеттердің тиімділігін бағалаумен байланысты және оларды одан әрі жоспарлаудың негізінде жатқан баланың жеке дамуын бағалау).
Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспары. «Ұлттық ойындар – ұлт қазынасы»: ұлттық ойындармен танысу (күнделікті).	Таза ауада белсенді ойындар ұйымдастыру: - аулада қозғалмалы ойындар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру; - саябақтарға, ормандарға, табиғат аясына серуендеу және экскурсиялар. 2.Барлық топтарда «Ойындар әлемінде» спорттық мерекесін өткізу.	Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дене шынықтыру бойынша ҰІӨ өткізу.	Йога, би және басқа да белсенділіктерді ұйымдастыру және күн тәртібіне қосу.
Балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі іс-шаралар	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша педагогтермен жоспарлы нұсқама		Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын	

	жүргізу.		қорғау, балалар жарақатының алдын алу мәселелері бойынша нормативтік құжаттармен таныстыру.	
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында әңгімелесу циклдарын ұйымдастыру: «Өнегелі 15 минут» – балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.	Танысу және сенім. Тақырыбы: «Мен кіммін? Сен кімсің?» Мақсаты: балаларға ашылуға, жақынырақ танысуға, сенім атмосферасын құруға көмектесу. Міндеттер: бір-бірімен танысу, өздерінің қызығушылықтары мен әуестенетін істері туралы бір-біріне айту.	Эмоциялар мен сезімдер. Тақырыбы: «Мен өзімді қалай сезінемін?» Мақсаты: балаларға өз эмоцияларын анықтауды және білдіруді үйрету. Міндеттер: әртүрлі сезімдерді (қуаныш, мұң, қорқыныш) сөзбен және мінез-құлықпен қалай білдіруге болатынын талқылау.	Достық және қарым- қатынас. Тақырыбы: «Дос болу деген нені білдіреді?» Мақсаты: достықтың маңыздылығын және достармен қалай араласу керектігін талқылау. Міндеттер: достық қарым-қатынасты қалай құру керектігін, қақтығыстарды қалай шешуге болатынын талқылау.	Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты дамыту. Міндеттер: жергілікті әдет-ғұрыптарды талқылау, маңызды орындар мен оқиғалар туралы әңгімелеу.
Ата-аналармен жұмыс	1.Ата-аналармен шарт жасасу (занды өкілдерімен). 2.МДҰ сайтында «Сұрақ-жауап» айдарын ашу. 3. 1 қыркүйек – Білім күні.	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram) МДҰ сайты арқылы консультациялық пунктінің жұмысы	Топтық жиналыстар өткізуге дайындық. Топтардағы №1- жиналыс (кіріспе). 1.Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау. 2.Ата-аналарды МДҰ- ның 2024 – 2025 оқу	1. Мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Виртуалды консультациялық пунктінің» ашылуы. 2.Ата-аналар мен балалардың МДҰ бару кестесін әзірлеу (МДҰ

	Балабақша ішіне «Балабақша – жайлы үй» атты экскурсия ұйымдастыру.	басталғаны туралы ақпараттық стенд.	жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру. 3.Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру. 4.Ата-аналар комитетін сайлау. 5. Өртүрлі.	бармайтын балалар үшін Ашық есік күні). 3.Қамқоршылық кеңестің №1-отырысы.
Көрмелер, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, жобалық іс-әрекет	Балабақша ішіне «Балабақша – жайлы үй» атты виртуалды экскурсия. Қазақстан халқы тілдері күнін өткізу (5 қыркүйек) «Тілім – менің тірегім» мәнерлеп оқу конкурсы.	«Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы» атты айлық өткізу. Күз сыйлары: - күзгі мол өнімге, көкөністер мен жемістерге арналған жұмыстар; - табиғи материалдардан композициялар жасау; - ата-аналармен бірлескен жұмыстардың эко/фотокөрмесі «Табиғаттың сүйкімділігі», «Табиғаттағы бір күн» және т.б.	Экологиялық десант	Орманға, саябаққа, хайуанаттар бағына және т.б. экскурсиялар.

Әдіскер: **А. Айғабыл**

**«Нұрай» жеке балабақшасының мектепке дейінгі ұйымы әдіскері қызметінің
2024 – 2025 оқу жылының қазан айына арналған циклограммасы**

Іс-шаралардың атауы	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Қазан				
Аптаның дәйексөздері	Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік Қасым-Жомарт Тоқаев	Отан – біздің ең үлкен анамыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы. Мұхтар Шаханов	Тәуелсіздіктің жүгі ауыр. Дінмұхамед Қонаев	Атаңның баласы болма, адамның баласы бол. Абай Құнанбайұлы
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
МДҰ қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	Тәрбие-білім беру процесі, режимдік сәттер, аумақта болғанда және т.б. кезде мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар.	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру.	Топтардағы қызығушылықтар орталықтары қандай болуы керек?	Терроризмге қарсы қорғау бойынша кешенді шаралар жүргізу.
Педагогтермен жұмыс	Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі семинарлар,	Құжаттаманы жүргізгенде әдістемелік	Педагогтің жұмысына STEM технологияларын	Педагогикалық ұжымның мүшелерін

	вебинарлар, конференциялар, байқауларға қатысуы бойынша жұмыстарын бақылау және ұйымдастыру (ББ, ББ, ҚР ОАМ тізіміне сәйкес).	көмек көрсету.	енгізуді талқылау.	білім беру саласындағы жаңашылдықтармен таныстыру.
Педагогикалық кадрларды аттестаттау	ҰІӨ қатысу, балалармен режимдік сәттерді өткізуді талдау.	Ашық іс-шаралар өткізу, аттестатталатын педагогтердің өз жұмыс тәжірибесін ұсынуы.	МДҰ әдістемелік жұмысына қатысу (аттестатталушының жұмыс тәжірибесінен хабарламалар, педагогикалық кеңестер мен семинарларға қатысуы).	Жұмыс нәтижелерін бақылау (педагогикалық диагностика).
Жас және жаңадан келген мамандармен жұмысты ұйымдастыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу және әдістемелік көмек көрсету.			
Педагогикалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	№2-педагогикалық кеңеске дайындық. «Үздік жобалық қызмет» байқау-конкурс өткізу.			
Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру	Әдістемелік көмек. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын негізгі талаптар.	Әдістемелік көмек. «Баланың жеке даму картасын қалай толтырамыз?»	Әдістемелік көмек: - Ерте жас тобының дене шынықтыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу	Әдістемелік көмек: - Кіші жас тобының дене шынықтыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

			бағдарламасының мазмұнын түсіндіру.	бағдарламасының мазмұнын түсіндіру.
Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы (эксперименттер)	Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы жобасын іске асыру үшін материал әзірлеу.			
Бақылау және басшылық	1.Ағымдағы бақылау: - тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. 2.Ағымдағы бақылау: барлық топтарда балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық өткізу.	Тақырыптық бақылау: 1. STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі. 2. Балалардың МДҰ-ға бейімделуін бақылауды ұйымдастыру.	Әкімшілік бақылау: барлық топтардағы ҰІӨ барысын бақылау.	Жедел бақылау: - тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру; - топтарда санитарлық- гигиеналық ережелерді орындау.
Семинарлар, жобалар мен интербелсенді лекциялар	«STEM-технология мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуындағы жаңа сатысы» семинарын өткізу.		«Балалармен жұмысты ұйымдастырғанда цифрлық ресурстарды білім беру кеңістігін кеңейту құралы ретінде пайдалану» семинары.	

Педагогтерге кеңес беру	Педагогикалық қоржын: «Балаларды ынтымақтастыққа қалай үйретеміз?» Психологиялық ойындар мен жаттығулар.	«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша әдістемелік кеңестер: http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/mrr_19.pdf	Сюжетті-рөлдік ойынды қалай дұрыс ұйымдастырамыз?	Іс-шараларды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және т.б.). http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/06/01_30.pdf
Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспары. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» – әртүрлі халықтардың ойындары (күнделікті).	Қозғалмалы ойындар, спорттық жаттығулар, эстафеталар, жарыстар, топтарда сауықтыратын жүгіруді және барлық жас топтарында серуендеуді ұйымдастыру.	Барлық топтарда таңертеңгілік гимнастика өткізуге әдістемелік көмек көрсетуді және ұйымдастыруды бақылау. <i>(суық жыл мезгілінде – ғимаратта, жылы жыл мезгілінде – аулада)</i>	МДҰ-да дене шынықтыру-сауықтыру бағытын іске асыру бойынша жобалық қызметі.
Балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі іс-шаралар	Медицина қызметкерінің алғашқы көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық өткізуі.	Жол қозғалысы қауіпсіздігінің бірегей күнін өткізу.	Тәрбиешілерге балалардың жол-көлік оқиғаларынан жарақаттануының алдын алу бойынша нұсқаулық өткізу.	«Өрт қауіпсіздігі бойынша практикалық дағдыларды пысықтау» эвакуациялық жаттығу.
«Өнегелі 15 минут» әңгімелесулер циклін ұйымдастыру – «Біртұтас тәрбие»	Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Айналамыздағы	Отбасы және отбасылық құндылықтар. Тақырыбы: «Менің отбасым».	Саламатты өмір салты. Тақырыбы: «Деніміздің саулығын қалай сақтаймыз?»	Армандар мен мақсаттар. Тақырыбы: «Мен нені армандаймын?»

бағдарламасын жүзеге асыру аясында балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.	табиғат». Мақсаты: табиғатқа және қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Міндеттер: жыл мезгілдері, өсімдіктер мен жануарлар, табиғатқа қамқорлық туралы әңгімелесу.	Мақсаты: отбасы, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар туралы сөйлесу. Міндеттер: әр отбасы мүшесінің рөлі туралы айту, бір-бірін сүйу және оған қамқорлық жасау дегенді талқылау.	Мақсаты: саламатты өмір салтын насихаттау. Тапсырмалар: дұрыс тамақтанудың, дене белсенділігінің және ұйқының маңыздылығын талқылау.	Мақсаты: балаларды армандауға және мақсат қоюға ынталандыру. Тапсырмалар: армандар шындыққа қалай айналатынын, оған қалай жету керектігін талқылау.
Ата-аналармен жұмыс	МДҰ-ға келмейтін балалардың ата-аналарына даму және тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру кестесін құру.	Ата-аналарға кеңес беруді ұйымдастыру: - балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері; - бала дамуының жасына байланысты кезеңдерді түсіну.	Ата-аналарға кеңес беруді ұйымдастыру: -ерте жастағы физиологиялық өзгерістер; -жүйке жүйесі мен мінез-құлқының ерекшеліктері.	«Балалық шаққа қош келдіңіз!» атты ашық есік күнін өткізу. Ата-аналармен бірге денсаулық мерекесін ұйымдастыру.
Көрмелер, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, жобалық қызмет	1. Республика күніне арналған іс-шаралар өткізу (25 қазан): - «Мен Отанымды мақтан тұтамын!» ертеңгілігін өткізу. 2. Спорттық жарыс: қазақ халқының асық ату немесе көкпар тарту сияқты таза ауада	«Бір ел – бір отбасы» атты флешмоб өткізу. Қазақ халқының ұлттық билерінің байқауын өткізу.	Сурет байқауы және фотокөрме (жануарлар және олардың тіршілік ету ортасы (экология): - жабайы және үй жануарлары тақырыбындағы суреттер мен қолөнер; - экожүйелер мен табиғи қорықтарды зерттеу;	Мультфильмдер, фильмдер көрсету: -Қазақстандық мәдениет пен тарих туралы мультфильмдер (ата-аналармен бірге көру). -Қазақстанға виртуалды экскурсия; -адалдық алаңы.

	ойналатын ұлттық ойындары (балаларға бейімделген нұсқа); -«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Бестемше; - «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтерінің арасында). 3.Менің елім – Мәңгілік ел! (әдістемелік ұсынымдар).		- «Менің Қазақстаным» тақырыбына ата-аналармен бірге экологиялық десанттар. «Жас метеоролог» экологиялық жобасы.	
--	---	--	--	--

Әдіскер: **А. Айғабыл**

**«Нұрай» жеке балабақшасының мектепке дейінгі ұйымы әдіскері қызметінің
2024 – 2025 оқу жылының қараша айына арналған циклограммасы**

Қараша				
Аптаның дәйексөздері	Әділдік бар жерде татулық та бар, татулық бар жерде бақыт та бар.	Адамдар сені жақсы көруі үшін адамдарды сүй.	Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ. Әбіш Кекілбаев	Оқысаң – озарсың, Оқымасаң – тозарсың. Мақал
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
МДҰ қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	1.Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған	Балаларға ЖҚЕ үйрету бойынша жүйеленген оқу құралдарының көрмесін өткізу және талқылау.	Дамытушы білім беру ортасын ұйымдастырғанда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Қауіпсіз орта.	Дамытушы білім беру ортасын ұйымдастырғанда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Үй-жайдың ішіндегі қауіпсіздік, алаңдағы қауіпсіздік.

	кешенді жоспарды жүзеге асыру туралы. 2.Педагогтердің циклограммаларына қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларды құру және енгізу.			
Педагогтермен жұмыс	Қызметкерлермен бірге өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және терроризмге қарсы қорғау бойынша нұсқама өткізу.	«Қазіргі білім беру кеңістігіндегі жобалық қызмет» симпозиумы.	Қауіпсіздік бойынша көрмелердің әдістемелік материалдарын зерттеу. 2.Сюжетті-рөлдік ойындар, драмалық ойындар ұйымдастыру. «Ғажайып мәшинелер».	Педагогикалық қоржын: «Балаларды ынтымақтастыққа қалай үйрету керек? Психологиялық ойындар мен жаттығулар.»
Педагогикалық кадрларды аттестаттау	Аттестаттау қағидаларына сәйкес өтініш беруді ұйымдастыру. (Мерзімі ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін).	Педагог қызметінің нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау үшін сараптамалық кеңес құру.	Аттестаттау мәселелері бойынша педагогтерге арналған жеке консультациялар.	
Жас және жаңадан келген мамандармен жұмысты ұйымдастыру	ҮІӨ және басқа іс-шараларға қатысу және артынан талдау өткізу.		Кәсіби қызметтегі қиындықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.	

Педагогикалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	№2-педагогикалық кеңеске дайындық. Тақырыптық бақылау: «STEM технологиясын бала дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі». «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыру материалдарын дайындау.»			
Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру	Әдістемелік көмек. МДҰ-да қауіпсіз жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша паспортты ресімдеу.	Әдістемелік көмек. Тірі және өлі табиғат объектілерін күнделікті бақылауды ұйымдастыру.	Әдістемелік көмек. Эксперименттер жүргізуді ұйымдастыру.	Әдістемелік көмек. Экологиялық жобаларды ұйымдастыру.
Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы (эксперименттер)				
Бақылау және басшылық	Жедел бақылау: - күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларын өткізу.	Жедел бақылау: - балалардың тамақтануын ұйымдастыру кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау	Ағымдағы бақылау: барлық топтарда таңғы гимнастиканы бақылау.	

		жөніндегі нұсқаулықтарды орындау.		
Семинарлар мен жобалар, интербелсенді дәрістер	«Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117- бұйрығына сәйкес негізгі талаптар» тақырыбына семинар өткізу.	Өрт қауіпсіздігі: - өрт болған жағдайда не істеу керек; - өртсөндіргішті қалай дұрыс пайдалану керек; - балаларға қауіп-қатер дабылын тануды үйрету.	Буллингке (жәбірлеуге) қарсы тұру: - буллингті қалай тануға болады; - егер біреу жәбірлесе не істеу керек; - ересектермен проблемалар туралы сөйлесудің маңыздылығы.	Интернеттегі қауіпсіздік: - балаларға арналған киберқауіпсіздік негіздері; - интернеттегі бейтаныс адамдармен қарым- қатынастан қалай аулақ болуға болады; - жеке ақпаратты желіде жарияламау неге маңызды?
Педагогтерге кеңес беру	Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез- құлық негіздеріне үйрету бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар.	Өрт кезіндегі іс- қимылдарды үйрету: - эвакуациялау ережелері, өртсөндіргіштерді пайдалану, эвакуациялау жаттығуларын тұрақты жүргізу.	Алғашқы көмек негіздері: жарақаттар, көгерулер, кесілген жаралар, күйіктер және т.б. кезінде алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.	Серуендер ұйымдастыру: балаларды алып жүру ережелері, қауіпсіз бағдарлауды таңдау.

	http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/mr_28102022.pdf .			
Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспары. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» -ұлттық ойындар турнирі.	Дене шынықтыру және спорт апталығы: - «Кіршіксіз тазалық күні».	Дене шынықтыру және спорт апталығы: - «ҚӨН күні» <i>(қауіпсіз өмір негіздері)</i> .	Дене шынықтыру және спорт апталығы: - «Денсаулық күні».
Балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі іс-шаралар	Балалардың қауіпсіздігі жөніндегі айлықты өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту.	1.Топтарда «Қауіпсіздік орталығы» бұрышын жасау. 2.Тәрбиеленушілердің жол полициясы инспекторымен кездесулерін ұйымдастыру.	Балаларға түсіндіру жұмыстары: - көшеде, аялдамада өзін қалай ұстау керек; - жолды кесіп өту кезіндегі дұрыс әрекеттер; - қоғамдық көліктегі мінез-құлық нормалары.	1.Жол қозғалысы ережелері мен жол жүру ережелері бойынша бейнефильмдер мен мультфильмдер көру. 2.Жол қозғалысы ережесі бойынша бес минуттық ойын. 3.Қауіпсіздік бойынша сюжетті-рөлдік ойындар ұйымдастыру: - «Автобуспен саяхаттау»; - «Біз жолаушылар мен жүргізушілерміз»; - «Біз ТЖМ қызметкерлеріміз».

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында әңгімелесу циклдарын ұйымдастыру: «Өнегелі 15 минут» – балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.	Қауіпсіздік және жүріс-тұрыс ережелері. Тақырыбы: «Қауіпсіздікті қалай сақтаймыз?» Мақсаты: балаларға үйде және көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. Тапсырмалар: қауіпті болуы мүмкін жағдайларды және оларға ұшырап қалмаудың жолын талқылау.	Тақырыбы: «Қоғамдық мүлікті сақта». Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда қоғамдық мүлікке ұқыпты қараудың маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру. Міндеттер: қоғамдық мүлік түрлеріне мысал келтіру (топтағы ойыншықтар, кітапханадағы кітаптар, алаңдағы әткеншектер, орындықтар және т.б.). Бұл заттарға күтім жасаудың қандай маңызы бары туралы балалармен сөйлесу: осы заттарды барлық балалар пайдалана алуы үшін, заттар ұзақ қызмет етуі және сынып қалмауы үшін. Сұрақтар қою: «Топтағы ойыншықты сындырып тастаса не болады?», «Егер біреу қоғамдық мүлікті бүлдірсе, басқа балалар өздерін қалай	Адалдық тақырыбына ертегілер мен әңгімелер оқу Тақырыбы: «Адалдық алаңы» Мақсаты: балаларда адалдық ұғымын қалыптастыру, оның не екенін және не үшін маңызды екенін түсіну. Адамдардың әртүрлі жағдайлардағы адал және арам мінез-құлықтарын тану дағдыларын дамыту. Оқылған шығармаларды талқылау арқылы балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру. Міндеттер: сүйікті ертегілер мен кітаптарды талқылау, шағын әңгімелер оқу. Адалдық пен шыншылдық ұғымдарына баса назар аудартатын, тақырыпқа	Сыпайылық пен әдептілік. Тақырыбы: «Қалай әдепті боламыз?» Мақсаты: сыпайы қарым-қатынас және басқаларға құрмет көрсету дағдыларын дамыту. Міндеттер: әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлық, «өтінемін», «рақмет» сөздерін қолдану, достар және үлкендермен қарым-қатынастағы әдептілік ережелері туралы.
---	--	--	---	--

		сезінеді?» Балалар қоғамдық мүлікке байқаусызда немесе әдейі зиян келтіруі мүмкін жағдайларға мысалдар келтіріп, оны болдырмаудың жолдарын талқылау.	лайық кітаптар мен ертегілер таңдау. Балалар тақырыпқа қатысты өз ойлары мен сезімдерін білдіре алатындай шығармашылық іс-әрекеттер (сурет салу, мүсіндеу және т.б.) ұйымдастыру. Балалар адалдық пен арамдық арасында таңдау жасай алатын рөлдік ойындар өткізу.	
Ата-аналармен жұмыс	МДҰ ресми сайтында қауіпсіздік мәселелері бойынша өзекті ақпараттық материалдарды (консультациялар, буклеттер, жаднамалар және т.б.) орналастыру.	«Балалардың интернет желісіндегі қауіпсіздігі апталығы» акциясы.	«Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі», «Баланың үйдегі қауіпсіздігі», «Балабақшаға баратын жолда», «Бағдаршам деген не?» тақырыптарына кеңес беру. Ата-аналарға кеңес беру: «LEGO-ны қалай дұрыс таңдаймыз?»	Ата-аналар балалармен бірге балалардың қауіпсіздігі туралы бейнефильмдерді көруі.
Көрмелер, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, жобалық қызмет	Балалардың конкурстарға, викториналарға, көрмелерге, акцияларға	1.«Біздің айналамыздағы әлем» қауіпсіздік сабақтары тақырыбына LEGO-дан құрылыстар,	1. Қауіпсіздік тақырыбына жобалық қызметті ұйымдастыру. 2. ЖҚЕ тақырыбы	Жол қозғалысы ережелері бойынша театр қойылымдарын ұйымдастыру.

	қатысуы: - «Балалар жол қауіпсіздігін сақтайды»; - «Жол жүру ережесі».	модельдер, қолөнер, мозаика құрастыру. 2.«Қиял әлемі» көрмесін ұйымдастыру: - фантастикалық жаратылыстар, ойдан шығарылған әлемдер мен шытырман оқиғалар тақырыбындағы шығармашылық жұмыстар; - ерекше материалдар мен әдістерді қолдану.	бойынша кітаптар оқу. 3. Топтардағы кітап бұрыштарын ЖҚЕ тақырыбындағы балаларға арналған кітаптармен қамтамасыз ету. 4.«Адалдық алаңы» тақырыбына мультфильмдер көру.	
--	--	--	---	--

Әдіскер: А. Айғабыл

**«Нұрай» жеке балабақшасының мектепке дейінгі ұйымы әдіскері қызметінің
2024 – 2025 оқу жылының желтоқсан айына арналған циклограммасы**

Желтоқсан				
Аптаның дәйексөздері	Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті! Әлихан Бөкейханов	Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ.	Тату болса – ағайын жақын, Адал болса – дос жақын. Қазыбек Келдібекұлы	Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады. Мақал
Бірлік және ынтымақ				
МДҰ қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	Топта кітап бұрышын ұйымдастыру ережелері. Оқуға арналған қызығушылық орталығына қойылатын негізгі талаптар. «Кітаптарды пайдалану және бірге оқу».	Түрлі жас топтарында ойындар ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/mr_29_092022.pdf	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларымен таныстыру. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020472	
Педагогтермен жұмыс	«Кітап калейдоскопы» жобалық қызметін енгізу.	Жобалық қызметі бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты әдістемелік көмек.	Кітап бұрышында қандай кітаптар болуы керек?	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар.

				http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/04/200423.pdf
Педагогикалық кадрларды аттестаттау	Педагогтің материалдарын (портфолиосын) құрастыруға әдістемелік көмек және ұйымдастыру (ҰІӨ бақылау парағы (ҰІӨ, іс-шаралар)).			
Жас және жаңадан келген мамандармен жұмысты ұйымдастыру	«Тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастырудағы жеке тәсіл» атты дөңгелек үстел.			
Педагогикалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	Дәстүрден тыс формадағы №2-тақырыптық педагогикалық кеңес (цифрлық платформаны қолдану арқылы). Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысын талқылау. 3. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM технологиясын енгізудің тиімділігі. 4. «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің өзін-өзі таныстыру (біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагогтер). 5. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	МДҰ педагогикалық кеңесінің хаттамаларын уақтылы жүргізу.		

Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру	Әдістемелік жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес циклограмма құрастыру кезіндегі негізгі талаптар.	Әдістемелік көмек МДҰ-да мерекелер мен ойын-сауық өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар.	Жеке әдістемелік көмек. Орта жас тобында коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша мониторингтің негізгі критерийлері мен индикаторлары.	Әдістемелік көмек. Ата-аналарды МДҰ тәрбие-білім беру процесіне тарту бойынша әдістемелік ұсыныстар.
Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы (эксперименттер)	Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын іске асыру үшін материал әзірлеу.			
Бақылау және басшылық	Тақырыптық бақылау: - тәрбиешінің кәсіби біліктерін бағалау. Оның балалармен жұмыста қолданатын әдістері мен тәсілдерінің тиімділігі.	Жедел бақылау: - тамақтануды ұйымдастыру.	Жедел бақылау: - жуыну кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылар.	Жедел бақылау: - тамақтану кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылар.
Семинарлар мен жобалар, интербелсенді дәрістер	Семинар: «Құрастырғыштан роботқа дейін: болашақ инженерлерді өсіреміз».			
Педагогтерге арналған	Дене шынықтыру ертегісі	МДҰ-да дене	Балалармен дене	Мектеп жасына дейінгі

кеңестер	мектеп жасына дейінгі балалардың моторикасын дамыту құралы ретінде.	шынықтыру-сауықтыру бағытын іске асыру жөніндегі жобалық қызметі.	шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының тиімді түрлері.	балаға қандай дене шынықтыру қажет?
Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспары. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: -ұлттық ойындар мерекесі. Топтарда және серуен кезінде қозғалмалы ойындар, спорттық жаттығулар, эстафеталар, жарыстар, сауықтыру жүгірулерін күнделікті ұйымдастыру.	Балалардың бірлескен және өзіндік іс-әрекетінде дәстүрлі және дәстүрден тыс жабдықты пайдалану.	Релаксациялық үзілістерді пайдалану: - тыныштық сәттері; - музыкалық үзілістер.	Циклограммаға сәйкес дене шынықтыру бойынша ҰІӨ күнделікті ұйымдастыру.
Балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі іс-шаралар	Топтағы жабдықтарды, материалдар мен заттарды олардың толық қауіпсіздігі мен құлау мүмкіндігін болдырмайтын тұрақтылығын ескере отырып түгендеу.	Балалардың жұмыс орындарын олардың бойының көрсеткіштеріне (үстелдер, орындықтар, жиһаз және басқа да жабдықтар) сәйкестігін тексеру және ұйымдастыру.	Балалардың жеке гигиена талаптарын орындауын бақылауды қамтамасыз ету.	Тамақтануды ұйымдастырғанда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты орындау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында әңгімелесу циклдарын ұйымдастыру: «Өнегелі 15 минут» – балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.	Технологиялар және оларды пайдалану. Тақырыбы: «Технологиялар әлемі». Мақсаты: технологиялардың өмірдегі рөлін талқылау, оларды дұрыс қолдануды үйрету. Міндеттер: технологияның көптеген түрлері туралы, оларды оқу және ойын-сауық үшін қалай пайдалануға болатыны туралы айту, интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін талқылау.	Көмек және игі істер. Тақырыбы: «Көмектесу не үшін маңызды?» Мақсаты: балаларда басқаларға көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Міндеттер: ата-анаға, достарға және көмекке мұқтаж адамдарға қалай көмектесуге болатынын талқылау, «Игі істер дегеніміз не?» тақырыбын талқылау.	Мамандықтар әлемі. Тақырыбы: «Мен кім болғым келеді?» Мақсаты: балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, өз қызығушылықтарын түсінуге көмектесу. Міндеттер: әртүрлі мамандардың не істейтінін талқылау, арманындағы мамандығы туралы ойын ойнау, балалар болашақта өздерін кім болып көретіндерін суретке салдыру.	Уақыт және жоспарлау. Тақырыбы: «Мен уақытты қалай өткіземін?» Мақсаты: балаларға өз уақытын жоспарлау негіздерін үйрету. Міндеттер: күн тәртібін қалай ұйымдастыруға болатынын, оқу, ойнау және демалыс арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын талқылау.
Ата-аналармен жұмыс	Диалог алаңы: «Отбасымен ынтымақтастық, балаларды тәрбиелеуге қатысты мәселелер бойынша ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету, әлеуметтік желілердегі МДҰ аккаунттары арқылы ақпарат алушы ретінде ата-аналармен байланыс орнату (Instagram,	1.Балаларды әлеуметтендіру бойынша консультациялар ұйымдастыру: - балаға достар табуға қалай көмектесуге болады; - қарым-қатынас сабақтары: балаға басқалармен қарым-қатынас жасауды үйрету; - әлеуметтену процесінде ата-аналардың рөлі.	1.МДҰ-да буккроссинг құру. 2.Ата-аналармен бірге презентациялар және танымдық фильмдерді көру. 3.«Кітап сыйла» акциясын өткізу. 4.«Менің отбасылық кітабым» жобасының тұсаукесері. 5.Балалармен оқыған кітаптарын	Ата-аналарға арналған кеңестер: «Балаларға не үшін кітап оқу керек?» «Балаға кітапты сүюді қалай үйрету керек?» «Баланың дамуындағы кітаптың рөлі.»

	Facebook, Telegram)».	2.Отбасылық спорттық мерекелерге ата-аналарды тарту.	театрландыруды ұйымдастыру.	
Көрмелер, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, жобалық қызмет	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар: -«Менің Республикам – менің мақтанышым!» атты ертеңгілік; - мультфильмдер көрсету (елдің тарихы мен мәдениеті туралы қысқа мультфильмдер және бейнероликтер); - ертегілер мен әңгімелер оқу (ел тарихына қатысты әңгімелер мен ертегілер оқу және кейін оларды талқылау); - фотокөрме (елдің тарихы мен мәдениетіне қатысты фотосуреттер көрмесі және балаларға экскурсия өткізу).	«Жапырақ тамырдан нәр алады» атты зияткерлік ойын өткізу (тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында).	Тақырып бойынша қолөнер және суреттер көрмесі: жалаулар шеруі (балаларға қағаз бен бояулардан өз жалауларын жасауды ұсыну); -ата-аналармен бірге қолөнер шеберханалары (қағаздан, ермексаздан немесе басқа материалдардан елдің рәміздерін (тулар, елтаңбалар) жасау бойынша қолөнер шеберханаларын ұйымдастыру).	Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу.

Әдіскер: А. Айғабыл

**«Нұрай» жеке балабақшасы мектепке дейінгі ұйымы әдіскері қызметінің
2024 – 2025 оқу жылының қаңтар айына арналған циклограммасы**

Қаңтар				
Аптаның дәйексөздері	Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Абай Кұнанбайұлы	Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі. Бауыржан Момышұлы	Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды. Бауыржан Момышұлы	Білім адамға білім беріп қана қоймай, оның жеке тұлғасын қалыптастырып, бойындағы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуі керек. Міржақып Дулатов
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
МДҰ қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	ҚР нормативтік құқықтық құжаттарымен танысу бойынша кеңес өткізу.	«Педагог» кәсіптік стандарты» тақырыбына семинар өткізу. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149	Тәрбиешілердің көмекшілеріне «Санитарлық ережелер туралы» нұсқама жүргізу. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469	«Білім беру ұйымдарын бағалаудың негізгі өлшемшарттарын» педагогтермен бірге талқылау. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053
Педагогтермен жұмыс	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының	Жас мамандарға (жаңадан келген педагогтерге) кеңес	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу	Балалармен таза ауада белсенді ойындар ұйымдастыру.

	аралық мониторингін дайындау және ұйымдастыру.	беру; - педагогтердегі құралдар жинағын (өлшемшарттарын) нақтылау; - топтар бойынша мониторинг жүргізу кестесін құру; - МДҰ бойынша мониторинг нәтижелерінің қорытынды кестесін шығару; - педагогикалық кеңесте мониторинг нәтижелері бойынша ақпарат дайындау.	үшін керекті жағдайды ұйымдастыру және қамтамасыз ету.	
Педагогикалық кадрларды аттестаттау	Қызмет нәтижелерін кешенді талдау қорытындысы бойынша біліктілік санаттары мен ұсынымдарды беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын Эксперттік кеңестің тиісті деңгейдегі комиссияға жолдауы. (Мерзімі: ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін.)	Комиссияның қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізуі. <i>(Мерзімі: тиісті жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында).</i>		

Жас және жаңа мамандармен жұмысты ұйымдастыру	Қызығушылық орталықтарына қойылатын негізгі талаптар.	Аралық мониторинг жүргізу бойынша консультациялар өткізу.	Әртүрлі жастағы балаларға ойындар ұйымдастыру.	Балалармен жеке жұмыс ұйымдастыру.
Педагогикалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру				
Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру	Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін қадағалау бойынша мониторинг жүргізуге бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдарды түсіндіру жөнінде жұмыс ұйымдастыру.	Қауіпсіздік жөнінде құжаттама жүргізу бойынша жұмыстар ұйымдастыру (нұсқаулықтар, тексеру журналдары, тексеру актілері және т.б.).	Педагогтермен: МДҰ-ның тыныс-тіршілігіне қатысты барлық салаларының қауіпсіздік нормаларына сәйкес болуына тұрақты оқыту және жаттығулар өткізу. Балалармен (ересек, мектепалды топ): Қауіптің әртүрлі түрлері (өрт, су, бейтаныс адамдар және т.б.) туралы әңгімелесу жүргізу.	Балалардың жазатайым оқиғаларға ұшырау жағдайларын талдау, олардың пайда болу себептерін анықтау және олардың алдын алу шараларын әзірлеу.
Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы (эксперименттер)	Экологиялық бағыт бойынша іс-шаралар туралы материалдарды мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастыру.			
Бақылау және басшылық	1. Тақырыптық бақылау:	Ағымдағы бақылау:	Жедел бақылау:	Ағымдағы бақылау:

	заттық-дамытушылық ортасын бағалау, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыруға қажетті жағдайлар, түрлі құралдар болуы. 2. Жедел бақылау: - үлгілік бағдарламаны игеру мониторингі.	- режимдік сәттердің орындалуын бақылау.	- балаларды медициналық тексеру нәтижелері.	- тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.
Семинарлар мен жобалар, интерактивті дәрістер	Педагогикалық шеберхана: «Lego әлемі: өз армандарымызды құрамыз» жобалық қызметін ұйымдастыру.	Педагогтердің презентациялары. Шығармашылық даму: - көркемдік дағдыларды дамыту әдістемелері; - музыка ҰІӨ және есту қабілетін дамыту; - тәрбиедегі театр қойылымдарының рөлі.	Интерактивті дәрістер: - қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары.	Интерактивті дәрістер: - қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстың негізгі бағыттары; - ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелер; - ғимараттар мен үй-жайлардың қауіпсіздігі; - ойын іс-әрекетінің қауіпсіздігі.
Педагогтерге арналған кеңестер	«Танымдық және эксперименттік іс-әрекет жоспарын» құру бойынша әдістемелік көмек көрсету.	Шеберлік сағаты: «Оқытудағы ойын технологиясы». Ойын технологиялары саласындағы құзыреттілікті арттыру.		Шеберлік сағаты: «Балабақшадағы қимыл белсенділігі». Қозғалыс белсенділігі әдістерін үйрету. Режимдік сәттерде ауа, күн ванналарын ұйымдастыру, барлық жас топтарында ұйқыдан

				кейінгі өткізу.	гимнастика
Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: ұлттық ойындар мерекесі. Топтар арасындағы спорттық жарыстар.	Сауықтыру және қоршаған әлеммен танысу мақсатында орманға, саябақтарға, табиғатқа серуендеуді ұйымдастыру.	«Қысқы ойын-сауық» спорттық іс-шара.		
Балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі іс-шаралар	Балалардың қауіпсіздігі туралы заңнамалық актілерді зерделеу және ұстану. Мектепке дейінгі ұйымдағы қауіпсіздік мәселелерін реттейтін жергілікті актілерді әзірлеу және бекіту (ішкі тәртіп ережелері, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар және т. б.).		Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсінікті және қызықты түрде үйрету.		
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында	Тақырыбы: «Менің күқықтарым, менің міндеттерім.»	Экология және планетаға қамқорлық. Тақырыбы: «Жасыл	Қарым-қатынас жасау өнері. Тақырыбы: «Бір-	Саяхаттар мен жаңалықтар. Тақырыбы: «Біздің	

әңгімелесу циклдарын ұйымдастыру: «Өнегелі 15 минут» – балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.	Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды негізгі құқықтары және міндеттерімен таныстыру, олар қатар жүретінін түсінуді дамыту. Әр бала өз заттарын күтіп ұстауға, басқаларды құрметтеуге, тәрбиешілер мен ата-анаға бағынуға міндетті екенін түсіндіру. Үлгі: «Сен өз ойыншықтарыңды жинауға, достарыңа көмектесуге, сыпайы және мейірімді болуға міндеттісің». Құқықтар мен міндеттерді байланыстыру: Егер бізде ойын ойнауға құқығымыз болса, онда ойыншықтарымызды басқалардан қызғанбай, бөлісіп ойнау және ұқыпты пайдалану біздің міндетімізге жатады. Егер бізде басқалардан	планета». Мақсаты: балалардың экологиялық санасын тәрбиелеу. Міндеттер: табиғатты қорғаудың маңыздылығын, қалдықтарды кәдеге қалай дұрыс жарату керектігін және әрқайсымыз қоршаған ортаны қорғау үшін не істей алатынымызды талқылау.	бірімізбен қалайша достасамыз және қалай араласамыз?» Мақсаты: тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Міндеттер: өзінді басқалар түсінуі үшін өзгелерді қалай тыңдап, қалай сөйлеу керектігі, жанжалды қалай шешуге және достық қарым-қатынасты қалай құруға болатыны туралы сөйлесу.	айналамыздағы әлем». Мақсаты: балалардың ой-өрісін кеңейту. Міндеттер: әртүрлі елдер мен мәдениеттер туралы сөйлесу, саяхаттауды армандау, әлем туралы жаңа білімді үйден ұзап кетпей-ақ, білуге болатыны туралы әңгімелесу.
---	---	---	---	---

	қамқорлық көруге құқығымыз болса, онда біздің басқаларға қамқорлық жасау және мұқият болу біздің міндетіміз. «Менің құқығым, менің міндетім.»			
Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналарға кеңес беру. Баланың сөйлеуін дамыту: - сөйлеу дамуының негізгі кезеңдері; - сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар; - логопедке қашан жүгіну керек.	Ашық есік күні: «Бірге ойнаймыз» тақырыбына жобалық қызмет. Мақсаты: ата-аналармен жақсы байланыс орнату, баланың өмірінде ойынның маңыздылығын түсіндіру.		Заманауи әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ата-аналармен бірге балаларды сауықтыру бойынша кеңестер, әңгімелесулер, семинарлар өткізу.
Көрмелер, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, жобалық қызмет	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар ұйымдастыру: «Теңге алу», «Айырмашылықтарды тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен»; қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімді қалыптастыру	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек, мектепалды жастағы балалар үшін) «Заң және бала құқығын қорғау» (ата-аналармен сұхбаттасу).	«Біз экологпіз» тақырыбына танымдық, эксперименттік іс-әрекетті ұйымдастыру.	Менің сүйікті ертегім: - сүйікті ертегілер мен мультфильмдер негізінде иллюстрациялар және қолөнер; - ертегі сюжеттерінен кейіпкерлер мен көріністер жасау; - отбасының бейнелі жобаларын жасау

	(заттарды зерттеу, зерделеу, олардың пішінінің көлемін визуалды өлшеу, көрнекі ойлауды, еске сақтауды, қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту).			
--	---	--	--	--

Әдіскер: А. Айғабыл

**«Нұрай» жеке балабақшасының мектепке дейінгі ұйымы әдіскері қызметінің
2024 – 2025 оқу жылының ақпан айына арналған циклограммасы**

Ақпан				
Аптаның дәйексөздері	Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да колың жетпейді. Демокрит	Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Абай Құнанбайұлы	Білімді болу – жаңалық ашуға қабілетті болу. Әбу Насыр Әл-Фараби	Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. Абай Құнанбайұлы
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
МДҰ қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата- аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/k+17.pdf	Өртүрлі жастағы топтарда тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру.	Тәрбиеленушілердің ата- аналарымен немесе заңды өкілдерімен жұмыс түрлері.	«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулық. http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/07/mr_3_107.pdf
Педагогтермен жұмыс	Оқыту семинары: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске	Педагогикалық шеберлік байқауы: «Адамгершілік-	Педагогикалық ринг: «Мектеп жасына дейінгі балаларға LEGO-ны	Педагогикалық очерк. Үй-жай ішінде балалар ойындарын

	асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру.	патриоттық тәрбие беру жөнінде үздік әзірлеме».	үйрету формалары».	ұйымдастырудың үздік білімдік тәжірибелері.
Педагог кадрларды аттестаттау				
Жас және жаңа мамандармен жұмысты ұйымдастыру	Әдістемелік отырыстар: «МДҰ-да жобалық қызметті ұйымдастыру».		Әдістемелік отырыстар: «Сюжетті-рөлдік ойынды ұйымдастыру және басқару».	
Педагогикалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	№3-педагогикалық кеңеске дайындық. 1. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру» оқыту семинары. 2. «Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлеме» педагогикалық шеберлік байқауы. 3. «Заттық-дамытушы ортаны бағалау, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін қажетті шарттар мен түрлі құралдардың болуы» тақырыптық бақылауы.			
Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымда серуендеуді бақылау парағын жасауға әдістемелік көмек көрсету.	Тәрбиешілердің өзекті қажеттіліктеріне сәйкес тақырыптарды таңдау (мысалы, ерте дамудың заманауи әдістері, цифрлық технологияларды қолдану, ЕББҚ бар балалармен жұмыс).	Педагогикалық консилиум: «Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен тәрбиешілерінің балаларды мектепке дайындау бойынша бірлескен жұмысының тиімділігі туралы.»	Оқу құралдарын әзірлеуге көмектесу: тәрбиешілердің күнделікті жұмысында пайдалы болуы мүмкін әдістемелік ұсыныстарды, жоспарларды, мереке сценарийлерін және басқа материалдарды дайындау, тарату.

Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы (эксперименттер)				
Бақылау және басшылық	Тақырыптық бақылау: -заттық-дамытушы ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыруға қажет шарттар мен түрлі оқу-құралдардың болуы.	Жедел бақылау: - сырқаттанушылықты талдау.		
Семинарлар мен жобалар, интерактивті дәрістер	Семинар-практикум: «МДҰ педагогтерінің жұмысындағы денсаулық сақтау технологиялары».		Семинар-практикумдар: «Денсаулық сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық формалары». Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулық жүргізу.	
Педагогтерге арналған кеңестер	МДҰ аумағында тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулық			

	жүргізу.			
Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспары. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: қарқыны әртүрлі қимылды ойындардан тұратын сюжетті ойындар ұйымдастыру.	Мониторинг жүргізу: - дене дамуы деңгейін анықтау; - мониторинг; - балалардың дене дайындығы деңгейін анықтау.	«Бірге ойнаймыз» жобалық қызметін барлық топтарға енгізу.	Саусақ гимнастикасын ұйымдастыру: - сөйлеу арқылы сүйемелдемей өткізілетін ойындар; - сөйлеу арқылы сүйемелдеумен өткізілетін ойындар; - саусақпен ойналатын халық ойындары; - қуыршақ театрлары (4 жастағы балаларға лайықты); - әртүрлі материалдарды қолдана отырып, саусақпен жаттығу жасау.
Балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі іс-шаралар	Балаларға балабақшада қауіпсіз жағдай жасау: - үй-жайлар мен жабдықтарды үнемі тексеру және оларға қызмет көрсету (жиһаздар, ойыншықтар мен ойын жабдықтарының қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін тексеру).	Дұрыс жарықтандыру мен желдетуді ұйымдастыру (таза ауа айналымының тұрақтылығын және жарықтандырудың тиісті деңгейде болуын тексеру).	Қауіпсіз жабындарды орнату (ойын алаңдарында тайғақтыққа қарсы төсеніштер мен қорғаныс жабындарын пайдалану).	Көшеде қауіпсіздікті қамтамасыз ету (балабақша аумағындағы ойын алаңдарын тұрақты түрде тексеру және жақсы жағдайда ұстау).

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында әңгімелесу циклдарын ұйымдастыру: «Өнегелі 15 минут» – балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.	Музыка және дыбыстар. Тақырыбы: «Айналамыздағы музыка». Мақсаты: музыкалық есту қабілетін және музыкаға қызығушылықты дамыту. Тапсырмалар: қандай музыкалық аспаптар болатынын, дыбыстардың көңіл күйді қалай жеткізе алатынын талқылау, «Әуенді тап» ойынын ойнау немесе қарапайым ырғақтарды бірге ойлап шығару.	Спорт және белсенділік. Тақырыбы: «Қозғалыс – өмір». Мақсаты: белсенді өмір салтын насихаттау. Тапсырмалар: сүйікті спорт түрлері туралы сөйлесу, физикалық белсенділіктің денсаулық үшін маңыздылығын талқылау, сергіту сәті немесе қарапайым спорттық ойындар өткізу.	Мейірімділік пен құрмет. Тақырыбы: «Мейірімді болу не үшін маңызды?» Мақсаты: балаларды басқаларға құрметпен қарауға және жақсы істерге ұмтылуға тәрбиелеу. Міндеттер: мейірімділіктің не екенін және оны күнделікті өмірде қалай көрсету керектігін талқылау, жақсы істер туралы әңгімелер айту, достықты нығайтуға бағытталған ойын немесе тапсырма өткізу.	Әртүрлі халықтардың мәдениеті. Тақырыбы: «Мәдениеттер әлемі». Мақсаты: мәдени әртүрлілікке төзімділік пен құрметті дамыту. Міндеттер: әртүрлі халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын талқылау, ұлттық ерекшеліктерге байланысты ойын немесе шеберлік сабағын өткізу, бір халықтың мәдениетінде басқа елдің мәдениетіне қандай ұқсастықтар барын айту.
Ата-аналармен жұмыс	№3-жиналыс. 1. «Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке дейінгі ұйымда және үйде саламатты өмір салтына баулу». 2. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.	Қысқы кезеңде ата-аналармен бірге денсаулық күндерін өткізу.	Балабақшаға алғаш келген балаларды бейімдеу: - баланы балабақшаға дайындау; - бейімделу кезінде күйзелісті қалай азайтуға болады; - баланы алғашқы айларда қолдау.	

	3. «Балалардың жас ерекшеліктері, оларды мектепке дайындау.» 4. Әртүрлі.			
Көрмелер, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, жобалық қызмет	«Мен зерттеушімін – өнертапқыштыққа алғашқы қадам», танымдық-эксперименттік іс-әрекетін ұйымдастыру. 1.«Шағын зертханалар» ұйымдастыру. Балабақшада шағын зерттеу бұрыштарын немесе шағын зертханалар ұйымдастыру, онда балалар қарапайым тәжірибелерді өз бетінше жүргізе алады. Бұл бұрыштарға су, құм, шыны ыдыстар, үлкейткіш әйнектер, магниттер және т.б. сияқты материалдар кіруі мүмкін, мысалы: - «Судың сиқыры»: судың қасиеттерін зерттеу (мұздату, булану, басқа заттармен	1.МДҰ-да қазақ халқының үстел ойындарына арналған ойын бұрышын құру. Бұл бұрышқа үстел ойындары, ұлттық декор, дәстүрлі төсеніштер немесе отыруға арналған құрақтар қойылуы мүмкін. Ата-аналармен бірлескен үстел ойындарын ұйымдастыру. Тоғызқұмалақ: манкалға ұқсас көне қазақ ойындарының бірі. Балалар ойын ережелерін үйреніп, осы стратегиялық ойында өз күштерін сынап көре алады. Асық: үстелде ойнауға бейімдеуге болатын, асықпен ойналатын ойын. Мысалы, балалар асық лақтырып, есеппен	«Өнерліміз, өркенбіз» көрмесі. (тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары арасында). 1.Бұйымды таңдау: Балалардан берілген тақырып бойынша әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасауларын сұраңыз. Бұл суреттер, жапсырмалар, саздан мүсіндеу, қағаздан, тоқыма, ағаштан және басқа материалдардан жасалған бұйымдар болуы мүмкін. 2.Шеберлік сағаттары: Көрме ұйымдастыру алдында тәрбиешілердің немесе ата-аналардың басшылығымен балалар өз жұмыстарын жасай алатын шеберлік сағаттарын өткізіңіз. Мысалы, қазақ	«SMART BALA» жобасын жүзеге асыру (LEGO әлемі: өз армандарымызды құрастырамыз) https://bilimkids.kz/steam/100?l=7

	араластыру); - «Магнит өрісі»: магниттердің әртүрлі заттарды қалай тартатынын зерттеу. 2. Жоба апталығын өткізу. Жобалық апталар, онда балалар бірнеше күн бойы бір тақырыпты зерттейді. Аптаның соңында әр бала немесе балалар тобы өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынады. Тақырып үлгілері: - «Өсімдіктер қалай өседі?»: тұқым егу және олардың өсуін бақылау; - «Жәндіктерді зерттейміз»: ақпарат жинау және даладағы жәндіктердің тіршілігін бақылау. 3.Зерттеу серуендері. Табиғат аясын зерттеу серуендері немесе экскурсиялар, оның барысында балалар қоршаған ортаны бақылайды, үлгілерді	жарыса алады немесе белгілі бір тақырып бойынша мақал-мәтел мен жаңылтпаштар айтып жарыса алады. 2. Ойын жасау бойынша шеберлік сағаттары. Балалар өз қолдарымен ойын жиынтықтарын жасай алатын шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, мысалы: тоғызқұмалаққа арналған тақтаны қағаздан немесе картоннан дайындау, қиыршық тастарды немесе моншақтарды таңбалауыштар ретінде пайдалану. Балшықтан немесе басқа қолда бар материалдардан асық жасау. 3. Сайыстар мен жарыстар. Балалар бір-бірімен жарысып ойнау үшін тоғызқұмалақ, асық немесе шахмат бойынша	халқының ұлттық кәдесыйларын, матадан қуыршақтар жасау, білезіктер тоқу, тасқа сурет салу және т.б. 3.Кеңістікті ұйымдастыру. - <i>Орын таңдау</i>: көрме үшін балабақшадағы кең және жарық бөлмені таңдаңыз, мысалы, акт залы, ішкі кең топ немесе дәліз. - <i>Безендіру</i>: бөлмені көрме тақырыбына сәйкес безендіріңіз. Мерекелік атмосфера құру үшін ұлттық ою-өрнектер, тоқыма бұйымдары, плакаттар және басқа декор элементтерін қолданыңыз. - <i>Экспозициялар</i>: балалардың жұмысын үстелдерге, стендтерге немесе витриналарға қойыңыз. Әр жұмыстың астына автордың аты-жөні мен жұмыстың атауы жазылған	
--	---	--	--	--

	(жапырақтар, тастар, жәндіктер) жинайды және балабақшаға оралғаннан кейін зерттейді. Мынадай іс-шаралар болуы мүмкін: - «Орманға экспедиция»: орман өсімдіктері мен жануарларын зерттеу; - «Жануарлардың іздерін іздеу»: іздерді бақылау және олардың кімге тиесілі екенін анықтауға тырысу. 4. Ғылыми жаңалықтар шеңбері. Балалар таңдалған тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысатын тақырыптық үйірмелер немесе жобалар. Мысалдар: - «Кішкентай ғалымдар»: әртүрлі табиғи құбылыстарды зерттеу (күннің күркіреуі, найзағай, жаңбыр); «Жас конструкторлар»: қолда бар	ішкі сайыстар өткізіңіз. Бұл олардың бір-бірімен бәсекелестік рухын және стратегиялық ойлауын дамытуға көмектеседі. 4. Тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктіру (интеграция). Ұлттық ойындарды математика, логика бойынша білім беру құралы ретінде пайдаланыңыз: - математиканы тоғызқұмалақ арқылы үйрету (ойындағы қимылдар үлгісінде математика негіздері мен санауды үйрету); - мәдениетті зерттеу: осы ойындармен байланысты тарих пен дәстүрлерді, олардың қазақ мәдениетіндегі маңыздылығын талқылау. 5. Іс-шараларды ұйымдастыру және ата-аналардың бірлескен қызметке қатысуы.	карточка қоюға болады. - <i>Интерактивті аймақтар</i>: келушілер өз қолдарымен бірдеңе жасауға тырысатын шағын аймақтарды ұйымдастырыңыз. Мысалы, ол модельдеу немесе бояу материалдары қойылған үстел болуы мүмкін. 4. Іс-шара бағдарламасы. - <i>Көрменің ашылуы</i>: іс-шараны салтанатты түрде ашудан бастаңыз, онда тәрбиешілер іс-шараның мақсаты туралы айтып, балалардың жұмысын ұсына алады. Балаларды көрме тақырыбына байланысты ән айтуға, өлең оқуға немесе би билеп беруге шақыруға болады. - <i>Экскурсиялар</i>: көрмеге шағын экскурсиялар жасаңыз, әр бөлім туралы, қолөнер жасау процесі және әр	
--	--	---	---	--

	материалдардан үлгілер мен макеттер жасау. 5. Көрмелер мен презентациялар ұйымдастыру. Балалар өз жетістіктерін көрсетіп, өздері ашқан жаңалықтарын ата-аналары және достарымен бөлісе алатын балалар жұмыстары мен жобаларының көрмесі. Мысалдар: - «Айналамыздағы әлем»: табиғатты зерттеуге арналған көрме. - «Біздің кішкентай өнертабысымыз»: балалар жасаған үлгілерді көрсету. 6. Байқаулар мен викториналар. Танымдық қызығушылықты ынталандыратын және білімді бекітетін байқаулар мен викториналар. Мысалы: - «Жас зерттеуші»: үздік	Ата-аналарды ойындар ұйымдастыруға және өткізуге шақырыңыз. Олар балаларға осы ойындармен байланысты дәстүрлер туралы әңгімелеп, оларды бала кездерінде қалай ойнағаны туралы естеліктерін айтып берсін. 6. Интербелсенді ойындар. Интербелсенді ойындар өткізу, онда балалар ойнап қана қоймай, ойындардың тарихы мен нышандарын зерттей алады. Мысалы: «Тоғызқұмалақтың тарихы»: ойынның шығу тарихы туралы қысқаша деріс, содан кейін балаларға ойын ойнату. «Асықтардың символикасы»: қазақ мәдениетіндегі асықтардың символикасы мен маңыздылығын талқылау, содан кейін	бұйымның идеясы туралы сөйлесіңіз. - <i>Дауыс беру және марапаттау:</i> балалар мен ата-аналар арасындағы ең жақсы жұмыстарға дауыс беруді жүргізіңіз, содан кейін қатысушыларды шағын сыйлықтар немесе мақтау қағаздарымен марапаттаңыз. Бұл, мысалы, «Дәстүрлі ең жақсы өнім», «Ең ерекше идея» және т. б. болуы мүмкін. - <i>Кәдесый дүкені:</i> кішкентай стенд ұйымдастыра аласыз, онда ата-аналар балаларының қолөнерін сатып ала алады немесе балабақшаның қажеттіліктеріне қайырымдылық жасай алады. 5. Ата-аналардың қатысуы. Бірлескен жұмыс: көрмеге балалар мен	
--	---	---	--	--

	зерттеу немесе эксперимент байқауы; - «Не? Қайда? Қашан?»: табиғат құбылыстары мен жаңалықтары тақырыбына викторина. 7.Ата-аналардың шеберлік сағаттарын ұйымдастыру. Ата-аналарды зерттеу жұмыстарына қатысты тақырыптар бойынша шеберлік сағаттарын өткізуге шақырыңыз, мысалы, үйде тәжірибе өткізу немесе қарапайым ғылыми құрал жасау. Бұл балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтады және балаларға ересектердің ғылым мен жаңалықтарға деген қызығушылығының үлгісін көрсетеді.	ойын ойнату. 7. Көрме ұйымдастыру. Балалар шеберлік сағаттарында жасаған ойын жиынтықтарын, сондай-ақ ата-аналар мен басқа балалардың алдында ойынды шебер ойнау дағдыларын көрсете алатын көрме өткізіңіз.	олардың ата-аналары бірлесіп жасаған жұмыстарды қосыңыз. Бұл үйлер, ойыншықтар, ұлттық киім киген қуыршақтар сияқты отбасылық жобалар болуы мүмкін. - Ата-аналардың шеберлік сағаттары. Ата-аналарды кесте тігу, ұлттық зергерлік бұйымдар жасау немесе басқа қолөнер сияқты балаларға арналған шеберлік сағаттарын өткізуге шақырыңыз. 6. Ақпаратты құжаттау және тарату. - Фото және бейне түсірілімдер: көрмені дайындау мен өткізудің барлық кезеңдерін белгілеңіз. Фотосуреттер мен бейнежазбалар түсіріңіз, кейін оларды ата-аналар жиналысында көрсетуге немесе балабақшаның веб-сайтына орналастыруға болады.	
--	---	---	---	--

			- Жұмыстар топтамасы: ата-аналарға тарату үшін жұмыстың фотосуреттері мен автор балалар туралы әңгімелері бар шағын каталог немесе буклет жасаңыз. 7. Көрменің жабылуы. - <i>Алғыс хаттар:</i> көрмеге қатысушылардың барлығына, соның ішінде балаларға, ата-аналарға және тәрбиешілерге алғыс хаттар дайындаңыз. - <i>Нәтижелерді талқылау:</i> көрмені балалар және ата-аналармен талқылауды жүргізіңіз, жағымды жақтарын атап өтіңіз және келесі жылы нені жақсартуға болатыны туралы сөйлесіңіз. 8. Көрме іс-шаралары. - <i>Балабақшаға арналған сыйлықтар:</i> ең қызықты жұмыстарды сәндік элементтер немесе	
--	--	--	---	--

			сыйлықтар ретінде балабақшада қалдырыңыз. 9. Қорытындылау: көрме аяқталғаннан кейін шағын мереке ұйымдастырыңыз, онда балаларға шағын сыйлықтар беріп, бірге шай ішуге болады.	
--	--	--	---	--

Әдіскер:  **А. Айғабыл**